

«Менің туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше	Оқылым Жазылым
Оқу мақсаты	2.2.1.1* Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау 2.3.7.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қою
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> <ul style="list-style-type: none">• Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады• Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды• Сөйлем түрлерін ажыратады, тиісті тыныс белгілерді қояды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

1. Мәтіннің бөліктерін түсініп оқы.

Мәтіннің басын, ортасын және соңғы бөліктерін анықтап, дөңгелектің ішіне ретін көрсетіп жаз (1, 2, 3).

Алма ағашы жайқалып өсе бастады. Бірақ алма ағашында зиянды құрттар пайда болды. Қанат пен атасы зиянды жәндіктермен күресуге кірісті. Олар құрттарға қарсы дәрі қолданды.

Жаз соңында Қанат пен атасы алмадан мол өнім алды.

Қанаттың атасы - бағбан. Ол баққа алма ағашының көшетін отырғызды. Қанат атасына көмектесті.

2) Мәтінге сәйкес сұрақты белгіле (✓). Мәтіннің түрін анықтап жаз.

Қандай?

Не істеді?

Неліктен?

Бұл _____ мәтіні.

2. Берілген сөздерден 3 сөйлем құрастырып жаз. Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгіні қой.

1) Астана, орналасқан, қаласы, жерде, қай

2) Астанада, тұрады, өкілдері, ұлт, көптеген

3) Астанам, бер, гүлдене

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады	1	мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтайды: - басы; - ортасы; - соңы;	1 1 1
		мәтінге сәйкес сұрақты анықтайды; мәтіннің түрін ажыратады;	1 1
Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды	2	құрылымын сақтай отырып, берілген сөздерден сөйлемдер құрастырады: - хабарлы сөйлем ; - сұраулы сөйлем; - лепті сөйлем;	1 1 1
Сөйлем түрлерін ажыратады, тиісті тыныс белгілерді қояды		сөйлемнің тыныс белгісін дұрыс қояды;	1
Барлығы		9	

«Менің туған өлкем» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні: _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратады	1	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің құрылымдық бөліктерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды	2	Мәтінге сұрақ қоюда және мәтіннің түрін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтінге сұрақ қоюда/ мәтіннің түрін анықтауда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтінге сұрақ қояды және мәтіннің түрін анықтайды. <input type="checkbox"/>
Сөйлем түрлерін ажыратады, тиісті тыныс белгілерді қояды	3	Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыруда және тиісті тыныс белгісін қоюда қиналады. <input type="checkbox"/>	Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыруда/сөйлемге сәйкес тыныс белгісін қоюда қателеседі <input type="checkbox"/>	Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастырып жазады және тиісті тыныс белгісін қояды. <input type="checkbox"/>

